

2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Байзақ аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 12 ақпандағы № 49 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 2 наурызда № 2955 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 27 мамырдағы № 229 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімдігінің 27.05.2016 № 229 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37 баптарына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Байзақ ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Байзақ ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі аталған қаулы баспасөз беттерінде және жергілікті атқарушы органның интернет – ресурстарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Сағындық Жұмағұлұлы Кенжебаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Шүкеев

Байзақ ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 12 ақпандағы
№ 49 қаулысына қосымша

2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

№	Мектепке дейінгі мекемелер	Мемлекеттік білім беру тапсырысы, (орын) оның ішінде қаржыландыратыны					Бір айға ата-ананың ақы төлеу мөлшері
		Республикалық нысаналы трансферттер есебінен	Жергілікті бюджет есебінен	Республикалық нысаналы трансферттер есебінен (тенге)	Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын балабақшаларға жергілікті бюджеттен қосымша бөлінетін қаржы	Жергілікті бюджет есебінен (тенге)	
	Шағын орталықтар			19599	2000	13015	4000
	Бала-бақшалар:						5000
1	30 балаға дейін	95	30	19599	30000	33000	5000
2	31-ден 50 балаға дейін	145	150	19599	30000	32000	5000
3	51-ден 75 балаға дейін	145	250	19599	18000	27000	5000
4	76-дан 100 балаға дейін	180	200	19599	16000	24000	5000
5	101-ден 175 балаға дейін	425	220	19599	19000	20000	5000
6	176-ден 200 балаға дейін	360	0	19599	3000	19000	5000
7	201-ден 250 балаға дейін	0	210	19599	2000	19000	5000
8	250-ден жоғары	280	0	19599	2000	19000	5000
9	жекеменшік балабақша	75	0	19599			
	Барлығы	1705	1060				